

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 тамыздағы N 197м Қаулысы

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі және "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 122-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары." деген 6-тармақ кестесінде:

реттік нөмірі 2-жолдың 5-бағаны мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Аэроғарыш комитетінің 7 (жеті) қызметкерін Астана қаласына көшіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға арналған шығыстарға ақы төлеу: өтемақылық төлемдер; көліктік қызметтерге ақы төлеу."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы